

Иондаушы сәулелену көздерін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 қыркүйек N 1365

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Ядролық физика институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - ҚР ҰЯО ЯФИ ЕМК) "Қараышығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В" компаниясы (Амстердам, Нидерланды) мен ҚР ҰЯО ЯФИ ЕМК арасында жасалған 2000 жылғы 15 наурыздағы N AP/Y/00/00315 келісім-шартқа сәйкес көпфазалы гамма сәулелі плотномерді пайдалану үшін Норвегиядан Қазақстан Республикасына жалпы активтілігі 1,11 ГБк (СЭК ТН коды 2844) бір иондаушы сәулелену көзін (Цезий-137) әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен:

- 1) ҚР ҰЯО ЯФИ ЕМК-на бір иондаушы сәулелену көзін әкелуге лицензия берсін;
- 2) Қазақстан Республикасы бақылаушы органдарының әкелінетін өнімнің

түпкілікті пайдаланылуын тексеруге қол жеткізуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімге кедендей бақылау жасауды және оның кедендей ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК